

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Тарих факультеті
Археология, этнология және музеология кафедрасы

**«Әлем халықтарының этнографиясы» пәні бойынша қорытынды емтихан
жүргізу бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары**

«6B02211-Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы

АЛМАТЫ, 2025 жыл

Құрастырушы:

Бейсегулова А.Қ. Археология,
этнология және музеология
кафедрасының доцент м.а.

(дайындалған - А.Ж.Т., лауазымы,
дәрежесі және атағы)

«Әлем халықтарының этнографиясы» пәні бойынша қорытынды емтихан
жүргізу бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары кафедра мәжілісінде
қаралып, ұсынылды «_» _____ 2025 ж., хаттама № _____

Кіріспе

Студенттер «Әлем халықтарының этнографиясы» пәні бойынша емтихан дәстүрлі жазбаша-офлайн форматта тапсырады.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу тәртібі:

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.
2. Емтиханның өтуін қадағалу бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.

3. Емтихан сұрақтары «Универ» жүйесіне үш блокқа бөлу арқылы енгізіледі.

II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, студент емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болуы керек.

3. Емтихан қабылдау ұзақтығы 2 сағат.

III. Қорытынды емтихан бағдарламасының ережелері:

1. Емтихан барысында студент ұялы телефон, оқулықтар, дәптер, құлаққап және т.б. бөгде заттарды ұстауға, өзімен бірге алып кіруге тыйым салынады. Сонымен қатар басқа студенттермен сөйлесуге, артық қимыл жасауға, артына қарауға болмайды. Емтихан барысын бейне бақылау арқылы мониторинг тобы бақылап отырады. Аталған ережелерді бұзу фактісі анықталса, студент емтиханнан шығарылады.

IV. Қорытынды емтихан бағдарламасының нәтижелері:

1. Студенттердің жазбаша жұмыстарын пән оқытушысы тексеріп, баллдарды «Универ» жүйесіне еңгізеді.
2. Оқытушы барлық студенттердің баллдарын мұқият тексеріп, емтихан тізімдемесін «Универ» жүйесінде сақтайды.
3. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге студенттердің баллдары 48 сағаттың ішінде қойылуы тиіс.
4. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.
5. Егер студент емтихан тапсыру ережесін бұзса, студенттің емтихан нәтижелері жойылады.

Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

1. Әлем халықтарын классификация бойынша жіктеу
2. Әлем халықтарын тілдік классификациялық жіктеу
3. Әлем халықтарын географиялық классификациялық жіктеу
4. Әлем халықтарын мәдени-шаруашылық классификациялық жіктеу
5. Этнологиялық зерттеу әдістері мен деректер.
6. Австралия және Мұхиттық аралдар халықтарының этнографиясы
7. Азия халықтарының этнографиясы
8. Оңтүстік және Шығыс Азия халықтары
9. Еуропа халықтарының этникалық тарихы
10. Еуропадағы оңтүстік және батыс славяндар
11. Еуропадағы роман және герман тілді халықтардың этнографиясы
12. Африка халықтарының этнографиясы
13. Америка халықтарының этникалық тарихы

Оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі Негізгі:

1. Этнология (Этнография). –Москва: Юрайт,2015.-580с.;
2. Садохин А.П., Грушевицкая Т.Г. Этнология. – М., 2000.-304 с.;
3. Лурье С.В. Историческая этнология. М.: Гаудеамус,2004. С. 624.
4. Лурье С.В. Тарихи этнология. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы», 2020 жыл. – 500

бет

5. Тавадов Г.Т. Этнология:Учебник/ Г.Т.Тавадов.- 2-е изд.-М.: «Дашков и К»,2016.- 408 с.
6. Артықбаев Ж. Этнология. -Алматы, 2005.
7. Қалшабаева Б.К. Әлем халықтарының этнографиясы.- Алматы: Қазақ университеті, 2017. -292 б.
8. Шалекенов У.К. Әлем халықтарының этнографиясы. - А., 1994.;
9. Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. - М., 2007.;
10. Бернанд А. Социальная антропология: исследуя социальную жизнь

людей/ А. Бернارد. –М., 2009. -244с.;

11. Қалшабаева Б.К. Әлем халықтарының этнографиясы. – Алматы: қазақ университеті, 2017. – 292 б.

12. Бромлей Ю.В. Очерки теории этноса. - М., 2007.;

13. Бернارد А. Социальная антропология: исследуя социальную жизнь людей/ А. Бернارد. – М., 2009. -244с.;

Қосымша: <http://www.etnograf.ru>
<http://www.ethnolog.ru> Этножурнал
<http://www.ethnonet.ru>

1.

«6B02220-Этнология және антропология»

білім беру бағдарламасы бойынша «Әлем халықтарының этнографиясы» пәнінен емтихан қабылдау нұсқаулығы

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну	«Өте жақсы» деген баға әлем халықтарының дәстүрлі дін, рухани мәдениет, этнологияның негіздеріне арналған еңбектерді талдау және ғылыми зерттеулерде сапалы дәлелдеп, әлем халықтарының классификациясы туралы ерекшелігін бөліп көрсетіп, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми тұжырым жасап, үш сұрақтың толық ашылуы	«Жақсы» деген баға барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелер қамтылмаған, әлем халықтарының антропологиясы, тілдік классификациясы, географиялық аймаққа бөлінуі, мәдени-шаруашылық ерекшелігі көрсетілмеген, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде қате жіберілген. Жауапта стилистикалық қателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	«Қанағаттанарлық» деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, сұрақтардың мазмұнын ашпайды.	Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап жазбай, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
Тандалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Әлем халықтарының этнографиясына қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. практикалық Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды

			таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	қателіктер мен кемшіліктер бар.	бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Этнологиялық терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылған.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-30 балл, үшінші сұраққа - 40 балл.